

ДЛЯ ДАЛЬНЕЙШЕГО РАЗВИТИЯ И ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ СУЩЕСТВУЮЩИХ ТРАНЗИТНЫХ ТРАНСПОРТНЫХ КОРИДОРОВ КАЗАХСТАН ПРИМЕНЯЕТ ИНФОРМАЦИОННЫЕ СИСТЕМЫ, КОТОРЫЕ ПОЗВОЛЯЮТ ОБМЕНИВАТЬСЯ ДАННЫМИ МЕЖДУ ПОРТАМИ ПРИКАСПИЙСКИХ СТРАН. КРОМЕ ТОГО, ПРОРАБАТЫВАЕТ МЕМОРАНДУМ С КНР КАСАТЕЛЬНО ПРОЕКТА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ТРАНЗИТНЫХ ПЕРЕВОЗОК «ЖЕЛЕЗНЫЙ КАРАВАН», КОТОРЫЙ ПОЗВОЛИТ ПРЕДОТВРАТИТЬ ПОЯВЛЕНИЕ ЗАТОРОВ НА ПОГРАНИЧНЫХ ПЕРЕХОДАХ.



Берик КАМАЛИЕВ,
вице-министр индустрии и инфраструктурного развития РК



№8 (2723)
08/02/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ОСНОВНОЙ РЕСУРС – РАБОЧИЕ КАДРЫ

Являясь системообразующей транспортной компанией Казахстана, АО «НК «ҚТЖ» всегда подчеркивает, что работники – главная ценность и основной ее ресурс. Ведь только слаженная работа людей, высокопрофессиональных кадров по всем направлениям позволяет предприятию из года в год обеспечивать улучшение показателей, достойно держать достигнутый уровень.

Жаныбек КЕНЕС,
Нұр-Сұлтан

В то же время среди всех категорий работников главным активом компании считаются рабочие кадры. Именно на них держится весь производственный процесс. В АО «НК «ҚТЖ» на постоянной основе проводится плановая эффективная работа, позволяющая уделять особое внимание работникам, в том числе производственным. Так, заработная плата производственного персонала в 2021 году выросла на 22%. Помимо повышения заработной платы в компании действуют различные инструменты материальной мотивации.

За прошедший год более 11 тысяч работников получили ежеквартальные премии по

итога отраслевых соревнований за эффективность производства того или иного подразделения. Также премии по коэффициенту трудового участия (премия за достижение личных и коллективных показателей) были выплачены более чем 27 тысячам работников.

Вышеперечисленные премии получили работники, относящиеся к производственному персоналу – монтеры пути, проводники пассажирских вагонов и другие.

Отметим, что ежегодно улучшается и социальный пакет сотрудников ҚТЖ. Данная работа ведется совместно с профсоюзом. Специальная комиссия на регулярной основе рассматривает предложения работников и вносит дополнения к утвержденному Коллективному догово-



оздоровления работников и пенсионеров. Также увеличены премии к отраслевым наградам.

В этом году компания продолжит работу по улучшению социального пакета и повышению благосостояния

сотруднику комфортные условия труда и профессиональный рост. В этом направлении в компании также ведется постоянная планомерная работа, дающая из года в год хорошие результаты.

Фото Александра ЖАБЧУКА

КЕЛІСІМШАРТ ЖОЙЫЛДЫ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Instant Payments» ЖШС арасындағы келісімшарт жойылды. Жолаушылар пойыздарына электрондық жол жүру құжаттарын ресімдеу мен сағуды ұйымдастыру бойынша қызметтерді сатып алу туралы аталған компаниямен шарт мерзімінен бұрын бұзылды.

Ұлттық компания бұл қызметтерді енді дербес ұсынатын болады. Жол жүру құжаттарын ресімдеу сайтта әдеттегі режимде жүргізіледі. Аталған жол жүру құжаттарын ресімдеу BILET.RAILWAYS.KZ кассаларында және онлайн сервистерде жүргізіледі. Бұл ретте сервиске қолжетімділік нарықтың барлық қатысушыларына ашықтық және айқындық қағидаттары бойынша беріледі. Осылайша тұтынушы тараптан сенімге ие бола отырып, сервис қызметінің сапасын арттыру мүмкіндігі қарастырылады.

Еске сала кетсек, «Instant Payments» ЖШС-мен шартқа 2014 жылы 2023 жылдың соңына дейін әрекет ету мерзімінен қол қойылған еді.

Райхан РАХМЕТОВА, Нұр-Сұлтан

ТРАВМАТИЗМ СВЕДЕН К НУЛЮ



В минувшем году дочерней организацией АО «НК «ҚТЖ» – АО «Кедентранссервис» не допущено ни одного случая производственного травматизма.

За 2021 год с работниками АО «Кедентранссервис» проведено 575 инструктажей по безопасности и охране труда и 282 технических занятия по промышленной безопасности. По этой тематике состоялось 38 встреч с руководством.

Чтобы исключить производственный травматизм, службами и специалистами по безопасности труда АО «Кедентранссервис» организованы комплексные проверки состояния охраны труда, техники безопасности и эксплуатации энергооборудования в структурных подразделениях, а также рабочих мест бригад.

Активно внедряется цифровизация процессов производственной безопасности. В мобильном приложении KTZ HSE на сегодня реализовано 8 модулей, при этом каждый сотрудник АО «Кедентранссервис» уже зарегистрирован в системе. К тому же широко применяется проект АО «НК «Қазақстан темір жолы» Интегрированная система «Производственная безопасность». Ведь важность обеспечения нулевого травматизма осознают все работники компании.

Благодаря принимаемым мерам в 2021 году коллектив АО «Кедентранссервис» отработал свыше 2,3 миллиона часов без производственного травматизма.

Роман ЛЮБИМОВ, Нұр-Сұлтан

ПЕРСОНАЛДЫ ОҚЫТУ ЖАЛҒАСАДЫ

Теміржол саласында еңбек өнімділігі тікелей персоналдың біліктілігі мен білім деңгейіне байланысты болады. Осы орайда «Нұрлы жол» вокзал кешенінде биыл 50 адамды арнайы оқыту жоспарланып отыр.

Кешеннің адами ресурстарды басқару бөлімінің бастығы Мағжан Орынбасардың айтуынша, бұл қызметкерлер өндірістік, экологиялық, электр қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздігі бойынша білім жетілдіреді. Кәсіби деңгейін арттыратын елу қызметкердің ішінде вокзал кешенінің кезекшілері, қауіпсіздік және еңбек қорғау секторының менеджерлері мен бастығы, техникалық бөлім бастығы, өндіріс жөніндегі бастықтың орынбасары, вокзалдың бас инженері және кешен бастығының кезекші көмекшісі бар.

«Жоспарлы оқыту аясында біздің қызметкерлер жыл сайын түрлі салаларда біліктілік арттырады. Былтыр да осындай көлемде қызметкерлеріміз оқытудан өткен, дегенмен жоспардан бөлек «ҚТЖ-100 жас есім» жобасы және «Топ жарған» бағдарламасының арқасында да білімін жетілдірушілер анағұрлым көп болды», – дейді бөлім бастығы.

Ұлан ОРАЗ, Нұр-Сұлтан

Тасымал

ТРАНЗИТТІК ТЕЛІМДЕРГЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУДЕ

Өткен жылды табысты көрсеткіштермен тәмамдаған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының алдында биыл қандай міндеттер тұр? Ең алдымен теміржол инфрақұрылымын дамыту мәселесі тұрғаны анық. Үстіміздегі жылы Компания бойынша 567,5 км жолды күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Магистральдық желі дирекциясы алғатқан мәліметтерге сүйенсек, инфрақұрылым мәселелері бойынша 2021 жылы жолды жөндеу жұмыстарының жоспары 7% асыра орындалып, 1 031 км-ді құраған. Оның ішінде 582 км жол күрделі жөндеуден өткен. Биыл күрделі жөндеу бойынша бұл көрсеткіш өткен жылға қарағанда 14 км аз болып отыр.

Компания күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу барысында транзиттік учаскелерге басымдық беріп отырғанын айтар едік. Мәселен, былтыр жөндеуден өткен 309 км жол транзиттік телім еншісіне тиесілі

және ол жолды күрделі жөндеудің жалпы көлемінің 53%-ын құраған. 2021 жыл еншісіндегі тағы бір жағымды жаңалық – бағыттағыш бұрмалардың 513 жиынтығы сатып алынып, ауыстырыла бастауы. Теміржол инфрақұрылымының аса маңызды бөлшегі болып табылатын бағыттағыш бұрмалар 2018 жылдан бері алынбаған екен. Демек, бес жүзден аса бұрмалар тозу деңгейін біршама төмендетек.

Сонымен қатар, дирекция мамандары берген мәлімет бойынша былтыр жол машиналарының кешендерімен 6 мың км жолда сауықтыру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде жолаушылар пойыздары үшін 774 километрге, жүк және контейнерлік пойыздар үшін сәй-

кесінше 542 км және 1037 шақырымда жылдамдыққа қол жеткізілген.

Жол және құрылыстар департаментінің директоры Ербол Сәулебековтің айтуынша, күрделі жөндеу барысында пайдаланылатын жолдың жоғарғы құрылымы материалдарының бәрі – отандық өндіріс өнімдері. Теміржолдың негізін қалаушы темірбетон шпалдар «КазШпал» АҚ, «БЕНТ», «NORD Пром НС», «Магнетик» кәсіпорындарының шпал зауыттарынан шығарылса, балласт – жергілікті шағыл тас зауыттарының материалдары. Ал рельстер Ақтөбе рельс-арқалық зауытының өнімдері болып табылады. Тек металл бұйымдары – нығайтқыштар Ресейден сатып алынады.

ОПЕРАТИВНО И ЭФФЕКТИВНО

В январе 2022 года работниками АО «НК «ҚТЖ» с помощью спецтехники очищено порядка 25 тысяч километров пути и вывезено свыше 247 тысяч кубометров снега.

Любовь РОВБА,
Нұр-Сұлтан

Для очистки станционных путей и стрелочных переводов по всему Казахстану в январе привлечались 36 390 монтеров пути. Из них 19 119 человек – в дневное время и 17 271 – в ночное, проинформировали в Дирекции магистральной сети.

Кроме того, в разгар непогоды на помощь путейцам выходили 707 работников второй очереди. Большинство (535 человек) в Костанайском регионе, 123 – в Акмолинском и 49 – в Актобинском. В остальных областях зима свирепствовала меньше, и монтеры пути



справились своими силами. Самым снежным январь выдался в столичном регионе. Железнодорожники Акмолинского отделения магистральной сети (НЖС-1) за месяц очистили 3 621,5 километра пути и вывезли 116 395 кубометров снега. По Костанайскому отделению магистральной сети (НЖС-2)

очищено 3 527,3 километра железнодорожного полотна и вывезено 38 750 кубометров снега. Работники Актобинского отделения (НЖС-11) произвели очистку 11 426 километров пути, при этом вывезли 45 000 кубометров снега. В Семейском регионе (НЖС-6) с 3 315,2 километра

железнодорожного полотна убрано 23 250 кубометров снега. НЖС-3 Павлодар вывезли 21 500 кубометров снега, рассчитив 192,15 километра пути.

Всеми видами спецтехники в январе осуществлено 677 выездов. При этом снегоочистительными машинами типа СДПМ, Струг, ФРЭС очищено 24 918 километров пути, а снегооборочными машинами типа СМ-2 убрано 247 645 кубометров снега.

– К зиме в АО «НК «ҚТЖ» всегда готовятся заблаговременно, поэтому стихию железнодорожники встречают во всеоружии. В период сильных снегопадов все причастные подразделения оперативно включились в работу и не допустили сбоев в движении поездов, – отметила менеджер департамента пути и сооружения филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» Макпал Габдулина.

Фото Айлін БАУРЖАН

КТЗ EXPRESS» АҚ 2022 ЖЫЛҒА ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ МЕН ТАБЫСТЫ АРТТЫРУ, ЕҢ БІР ЖАНА ІТ ҚҰРАЛДАРЫ ЕҢГІЗУ БОЙЫНША СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР МЕН БІЛКІ МІНДЕТТЕР ҚОЯДЫ. СОНЫН ІШІНДЕ БИЗНЕС-УДЕРІСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ, СЕРВИСТЕР ЖЕЛІСІН КЕНЕЙТУ, ЛОГИСТИКАНЫҢ ТИІМДІ ҮЛГІЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ДА БАР

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

БИЫЛҒЫ ҚАҢТАР АЙЫНДА ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН

10,3 млн

ТОННАДАН АСТАМ КӨМІР ТАСЫМАЛДАНҒАН.

2021 ЖЫЛДЫҢ 10 ҚАЗАНЫ МЕН 31 ЖЕЛТОҚСАН АРАЛЫҒЫНДА ӘЙЕЛДЕР ВАГОНЫН

13 000

ЖОЛАУШЫ ПАЙДАЛАНҒАН.

СОҢҒЫ ОН ЖЫЛДА «ҚТЖ» ҰК» АҚ БОЙЫНША ВАГОН ПАРКІ

1000

БІРЛІККЕ ЖАҢАРДЫ.

ҮЗДІКТЕР ҮЛГІ ЕТІЛДІ

Сабырхан СЕЙЛБЕКҰЛЫ,
Қазалы



МАРАПАТ

Қазалы жол дистанциясы өткен жылдың қорытындысын шығарып, үздік көрсеткішке ие болған 5-ші айналым басшысы Шынберген Ерхановтың жұмысын марапаттады.



Жалпы, дистанциядағы жиырмадан аса тәлім мен айналым арасынан жүлдеге үміткерлер аз болған жоқ, бірталайы бағалы сыйлық, қаржылай ынталандыру сый-сияпатына ие болды. Дистанция бастығы Аманкелді Құсанов пен кәсіподақ ұйымы төрағасы Дастан Әбішев бастаған сарапшылар алғашқы үштікке Қызылтам айналымынан Ерболат Баданов, Абыла телімінен Мұрат Абзалов және 1-айналымнан Нұрадин Құлманов ұжымдарын лайық деп тапты. Ал одан кейін қатарда ПД-7, 17, 9, 8, 21, 10 және 9-айналымдар аталды.

– Дистанция бойынша атқарылған барлық жұмыстар сарапшылардың саралауына ұсынылды. Қорытынды шығару барысында әріптестеріміздің көктемгі-күзгі комиссиялық тексерулердің қорытындысы, ішкі және сыртқы ревизиялық тексерулердің нәтижесі, басшылық құрамның дистанцияның әлеуетін арттыру мақсатында өткізетін тосын және кесте бойынша тексерулерінің қорытындысы, жалпы пойыздардың қозғалысын арттыру мақсатында дистанцияның алдына қойылған талаптар шеңберінде атқарылған жұмыстар легі назарға алынды. Нәтижесінде өзге айналымдарға қарағанда барынша аз кемшілік тіркелген ПЧУ-5 тәлімі бас жүлдеге ие болып, олардың атқарған жұмыстары дистанциялықтарға үлгі етілді, – дейді дистанцияның кәсіподақ ұйымы төрағасы Дастан Әбішев.

Суретті түсірген автор

ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ ӨСКЕН

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



АЙМАҚ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Батыс» филиалының басшысы Бөріхан Беркімбаев өткен жылдың жұмыс қорытындысын жариялады.



Аймақта жүк тасымалдау көрсеткішімен қатар, еңбек өнімділігі негізгі критерийі болып саналады. Ақтөбе және Орал аймақтарының 2021 жылдың қорытындысы бойынша жүк айналымының көрсеткіші 5,4%-ға асыра орындалды. Атап айтсақ, 21 291,0 млн ткм 22 445,9 млн ткм болып орындалған. Тасымалдаудың негізгі қызметінен түскен кіріс 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23,3%-ға өсті немесе 10 млрд 121 млн 459 мың теңгеге артық. Сонымен қатар, жылдық көрсеткіште пойыздар қозғалысы кестесінің көрсеткіші де жақсарған. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету де жоғары деңгейде.

«Пандемияның басталуы логистикалық байланыстарға айтарлықтай әсер етті. Алайда, контейнерлік тасымалдардың өсуі осы күрделі жылда да тоқтаған жоқ. Транзиттік тасымалда қолданылып жатқан заманауи логистикалық әдістер жүк жөнелтушілер қатарының артуына әсер етіп отыр», – дейді Бөріхан Беркімбаев.

Есепті кезеңде пойыздарда отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну да үнемдеу болған. 2020 жылмен салыстырғанда пайдаланылған отын 620,06 тоннаға үнемделген.

Қауіпсіздік ұғымын негізгі қағида санайтын салада жол сапасы негізгі критерийі болып саналады. Өткен жылы аймақта 54,6 км теміржолға күрделі жөндеу жүргізілді. Оның ішінде ұзындығы 6,4 км болатын Шалқар-Үшқұрай асуы, Қайыр-Қайдауыл асуындағы 7,72 км жол, Қайдауыл-Ұлпан асуында 19,2 км жол, Қарауылкелді станциясының аумағына күрделі жөндеу жұмыстары өтті.

Сондай-ақ, жоспар бойынша 18 876 шақырымды құрайтын Алғабас-Аңғаты учаскесіне толықтай күрделі жөндеу жүргізілді. Қандыағаш-Сексеуіл, Жем-Ақтөбе, Қандыағаш-Илецк, Ақтөбе-Орал, Шалқар-Бейнеу учаскелерінде пойыздардың тоқтау сағатын азайту және қызмет көрсету кепілдіктерін арттыру бойынша пилоттық жобалар жүзеге асырылып, табысты жұмыс істеуде.

Суретті түсірген автор

АРДАГЕР ТЕМІРЖОЛШЫҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



МЕРЕЙ

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев бір топ сала ардагерлерін қабылдап, Консультативтік кеңес мүшесі, құрметті теміржолшы Марат Хамзинді сексен жылдық мерейтойымен құттықтап, «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Мерейтой иесін «Казлогистикс» Қазақстан көлік қызметкерлерінің одағы атынан құттықтаған Юрий Лавриненко «Көлік бизнесін дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісі мен сертификат және «Дәстүр» деп аталатын ескерткіш сыйлығын табыстады. Ал «Қаз-көліккәсіп» төрағасы Оразғали Ахметбаев Марат Шәймерденұлын ұстаз әрі әріптес тұтатынын атап өтті. «Сонау 1993 жылы қазіргі ұжымдық шарттың негізін қалауға ықпал еткен келісімге қол қойғандардың қатарында Батыс темір жолын басқарып отырған Марат Хамзин ағамыз да болды», – деп өткен күндер естелігімен бөлісті.

Мерейтой иесін құттықтаған ардагер теміржолшылар қатарында Марат Хамзинмен кезінде қызметтес болған әріптестері, шәкірттері де болды. Солардың бірі Александр Исинаманов ақсақалға ақ жарма тілегін әдемі өлең жолдарымен жеткізді. Орталық ардагерлер кеңесі атынан төраға орынбасары Жұмағұл Әлжан құттықтап, ыстық ықылас-лебізін білдірді.

Басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаев қазақ теміржолының өсіп-өркендеуінде, дамуында теміржолшы ардагерлердің еңбегі орасан зор екенін атап өтті. Сондай-ақ, ол быыл «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниясының құрылғанына 25 жыл толып отырғанын және осы ширек ғасырлық мерейтойына Компания жоғары жетістіктермен келіп



отырғанын жеткізді.

«Кеңес дәуірі өтіп, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі теміржолдың жағдайын, эксплуатациялық жүк айналымының төмендеп кеткенін өздеріңіз білесіздер. Ал 2021 жыл ҚТЖ пайдалану жүк айналымы 239 млрд тонна-километрге жетті, бұл тәуелсіздік жылдарындағы тарихи ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Біздің 2-3 трлн қарызымыздың барына қарамастан, мемлекеттің көмегімен 100 млрд теңге пайда кіргіздік. Өткен жыл транзиттің жақсы жолға қойылуымен де ерекшеленді. Қытайдан Еуропаға және Орталық Азияға 1 млн ЖФЭ тасымалдап, 2021 жылдың 5 желтоқсанында мақсатты көрсеткішті мерзімінен бұрын жаптық. Биылғы жылға да алдымызға үлкен міндеттер қойып отырмыз. Достық-Мойынты арасында екінші жол салмақпыз. Өзбекстан бағытында Дарбаза-Мақтаарал теміржолы салынады. Қазір Алматы Қытайдан келетін

жүкті қабылдай алмай, «түншығып» тұр. Сондықтан бұл өңірде айналма жол салу жобасы қолға алынбақ. Бұл жоба баяғыда көтерілген болатын. Міне, теміржолды дамыту бағытында осындай ірі жобаларды іске асырмақпыз. Мемлекет басшысы қолдау білдіріп, ұлттық қордан ақша бөліп отыр. Осылайша, биыл инфрақұрылымды біраз жақсартамыз деген ойдамыз. Әрине, бұдан басқа проблемалар жеткілікті. Парктер ескірген, жөндеу жұмыстары қажет. Ең басты проблема қаржылық қарыз болып тұр. Сол себепті локомотив паркін, басқа да техникаларды жаңартуға қаржы бөле алмай отырмыз. Жол шаруашылығы бойынша күрделі жөндеу көлемін арттыруға басымдық беріп келеміз. Себебі, қозғалыс қауіпсіздігі мәніміз бірінші мәселе болып қала бермек», – деп түйіндеді сөзін Нұрлан Ермеқұлы.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ТОҒЫЗЫҢШЫ ВАГОННЫҢ ЖОЛАУШЫЛАРЫ



СЕРВИС

Ақпан айынан бастап Маңғыстау-Семей бағытындағы жолаушылар пойызында да әйелдер вагоны қатынай бастады. Аталған құрамның тоғызыншы вагоны енді нәзік жандар үшін қызмет етеді. Онымен жүретін қыз-келіншектер өзімен бірге тек жеті жасқа дейінгі ер балаларын алып шығуына болады.

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



Түбектен жолға аттанған бұл бағыттағы алғашқы вагон ақпан айының екінші күні Маңғыстау станциясынан жөнелтілді. Өңірімізден Семей бағытына екінші сапарына аттанғалы тұрған пойыздың тоғызыншы вагон жолаушыларымен тілдесу мүмкіндігі туды. Жергілікті тұрғындардың бірі елордада жоғары оқу орнында оқитын қызын шығарып салуға келіпті. Әйелдер вагоны жүрді дегенде ерекше қуанған ол қызының оқуына барып келуі бұған дейін тәп-тауір мәселе болғанын айтады.

– Қызыма кейде амалсыздан ұшаққа билет алатынбыз. Оның да бағасы удай қымбат болғасын көбіне плацкарт вагонмен жіберетін едік. Бір рет те купемен жүріп көрмеппіз. Қыз бала болған-

дықтан уайымдайсың, ылғи ер азаматтардың ортасына түсе ме деп, түрлі адам бар бүгінде... Сондықтан мына хабарды естіп, билет алғанша асықтық, – дейді Мария Жұмаева.

Әйтекеби станциясына бара жатқан Нағима Бикебаева да әйелдер вагонының «ғұмыры» ұзақ болса деп тілейді. Пойыз келгенше әйелдер вагоны екенін хабарсыз болған ол, жолсеріктер күтіп алғанда ғана біліпті.

– Билетті ұлым алып берген еді. Маңғыстауға келерде купеде ылғи вахталық жұмыспен келе жатқан ер адамдар болды. Бір өзім ыңғайсыздандым. Олармен не сөйлесесің, уақыт өтпей кетті. Әйелдер болса әңгіме айтып, бірге шай ішіп, қалай жеткенді де білмей қаласың. Енді мына вагонда емін-еркін жүріп тұрып, әңгіме-дүкен құрып жолды қысқартатын болдық. Бұдан былай алдымен әйелдер

вагонынан орын сұрайтын боламын, – дейді ол.

Бұл вагонда жолаушыларға өзге вагондардағы сияқты екі жолсерік қызмет көрсетеді. Біреуі – Алматы-Маңғыстау, Маңғыстау-Нұр-Сұлтан, Маңғыстау-Астрахан, Маңғыстау-Қоңырат бағыттары бойынша 26 жылдық еңбек өтілі бар Нұрсұлу Қабдрахманова.

– Осымен екінші рет жолға шығуымыз. Вагонда қырық орын болса, соның отыздан астамы Маңғыстау станциясынан толды. Жол бойы түсетін, мінетіндер көп. Жалпы, вагонға сұраныс жақсы, – дейді жолсерік.

Еске сала кетсек, бұл – түбек теміржолына қатынайтын екінші әйелдер вагоны. Қазан айынан бері Маңғыстау-Алматы бағытындағы жолаушы пойызының жетінші вагоны қыз-келіншектер үшін қызмет көрсетуде.

Суретті түсірген автор

ТӨРТ ТҮЛІККЕ ТОҚТАУ БОЛА МА?



ҚАУІПСІЗДІК

Арыс жол дистанциясы өткен жылы қауіпсіздік шараларының алдын алып, апат пен оқиға оқиғаларды болдырмауға барын салды. Десе де, пойыздың жолына шығып кеткен қараусыз малға тыйым болмай тұр. Былтыр 11 мал басу оқиғасы орын алды.



Жан ПЕРДЕБЕК,
Арыс

Дарбаза-Сарыағаш өткелінде №86 жолаушы пойызы жылқыны қағып кеткен. Электровозға қатты зақым келгені соншалық, көмекші локомотив алдыруға мәжбүр болған. Бір ғана қараусыз малдың кесірінен аталған пойыз Сарыағаш станциясына үш жарым сағат кешігіп келген.

Өкінішке орай, пойыз басып кеткен малдың тек іесі де табылмайды екен, әлгі 11 малдың тек бесіуінің ғана егесі анықталып, айыппұл салынған. Сонда дейміз-ау, ақ адал малынан бір айрылып, айыппұл тағы төлеп шығынға батқан шаруа «шығасыға иесі басшы» екенін неге ескермейді деген ой келеді. Жолшылар әдетте теміржолға жақын тұратын тұрғын-

дар мен мектеп оқушыларын жиі аралап, қауіпсіздік шараларын түсіндіріп, желілік полициямен тұрақты рейд те өткізіп, мұндай келенсіз жағдайлардың алдын алуға тырысады.

«Жергілікті халықтың малмен күн көріп отырғаны рас, оларға «мал жаю және айдап өту ережелерін» түсіндіріп-ақ жатырмыз. Халыққа темір жол арқылы кез келген жерден өтуге, жол бойымен жүруге, ұялы телефонмен сөйлесіп немесе құлаққап тағып жүруге және суретке түсіп, селфи жасауға, тоқтап тұрған вагонның астынан өтуге, темір жолдың бағыттағыш бұрмалары үстінен өтуге болмайтынын түсіндіруден кенде емеспіз. Бірақ, темір жол бойында болатын түрлі қайғылы жағдайлар жыл өткен сайын көбейіп бара жатқаны қатты алаңдатады.

Малдан бөлек, Сарыағаш-Арыс-Түркістан аралығында бөге адамдардың белгіленбеген жерден темір жол арқылы өту оқиғалары да жиі кездесуде, адам өлімі, жасөспірімдердің тәртіп бұзуы тағы бар, айналып келгенде біз, жолшылар, жол бойын мал мен жаннан қорытын бақташыға айналдық», – дейді дистанцияның техникалық бөлім бастығы Бақытжан Сарыпбеков.

Айтуынша, 2021 жылы мал жаю ережелерін бұзушыларға қатысты әкімдікке сегіз хат жолданған. Сонымен қатар, автокөлік жүргізушілері темір жол өткелі арқылы өту де жиі ереже бұзатыны жасырын емес, сондықтан олардың бәрін бейнебақылаумен жабдықтау қажет.

Суретті түсірген автор

ЗЕЛЕНЬИЙ СВЕТ НАДЕЖНОСТИ



БЕЗОПАСНОСТЬ

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Нур-Султан

В АО «НК «ҚТЖ» принимаются все необходимые меры для обеспечения сохранности жизни и здоровья людей, грузов, подвижного состава, объектов инфраструктуры.

– Этот показатель достигнут благодаря риск-ориентированному подходу в выработке мер, направленных на сокращение случаев нарушений безопасности и исключение их повторяемости, – отметил директор по безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» Марат Шакинов

Так, в вагонном хозяйстве внедрены средства автоматического контроля подвижного состава. Данные меры позволили оперативно выявлять технические неисправности вагонов, оптимизировать процесс технического осмотра вагонов.

В целях обеспечения сохранности перевозимых грузов, а также недопущения несчастных случаев на 144 локомотивах

установлены видеорегистраторы. С помощью мобильных диагностических комплексов железнодорожники проводят автоматизированный комплексный анализ состояния бесстыкового пути. Успешно функционируют центры управления движением поездов в Актобе (Западный регион) и Алматы (Юго-Восточный регион) как один из главных проектов цифровой трансформации компании.

Принимаются меры по снижению влияния человеческого фактора. Так, специалистами разрабатывается аналитическая информационная система «Безопасность движения», которая включает в себя разделы «Книга замечаний машиниста», «Комиссионный месячный осмотр», «Ревизор по безопасности движения». Нововведения позволят принимать оперативные решения по исключению несоответствий на железнодорожном транспорте.

Особое внимание уделяется профилактике. В прошлом году ревизорским аппаратом

проведено свыше 10 тысяч проверок по вопросам безопасности движения. Выявлено 108 тысяч несоответствий, принято 9 тысяч запретных мер по допуску к эксплуатации на магистральную сеть подвижного состава и устройств инфраструктуры с низкой надежностью.

Для устранения «узких» мест в вопросах обеспечения безопасности движения проведены ревизии в Кызылординском, Актюбинском, Павлодарском, Костанайском, Семейском, Алматинском и Жамбылском отделениях дорог. По итогам проверок приняты корректирующие меры, направленные на предотвращение потенциальных нарушений.

Проведены технические инспекции предприятий по ремонту и сервисному обслуживанию подвижного состава. Главная цель этой работы – контроль за технологическим процессом при ремонте подвижного состава. Для обмена опытом проведен Евразийский форум по безопасности и цифровизации на железнодорожном транспорте в АО «Академия транспорта и логистики». По его итогам определены основные задачи по обеспечению безопасности движения поездов и выработаны предупреждающие меры для исключения случаев причинения вреда жизни, здоровью человека, окружающей среде, ущерба имуществу участников перевозочного процесса и третьих лиц.



ВАЖНОСТЬ СОБЛЮДЕНИЯ ПРАВИЛ

Айлин БАУРЖАН,
Кокшетау



АКТУАЛЬНО

С начала года в Книгу замечаний машинистов по Акмолинскому эксплуатационному локомотивному депо внесли 40 тревожных сигналов. За 12 месяцев 2021 года их было 337.

За январь текущего года в Книгу замечаний машинистов поступило 40 тревожных сигналов, в 2021 году их было 15. В течение последнего месяца прошлого года повторно направленных замечаний не было, ответы на сигналы в эксплуатационном локомотивном депо получили своевременно.

Только в течение января 2022 года локомотивные бригады допустили 40 случаев применения экстренного торможения поезда. Из них один случай наезда на скот. Они произошли на участке Нур-Султан – Кокшетау.

В двух случаях наезды на скот были предотвращены на перегонах Оңдирис – Тонкерис, Ак-Коль – Ельтай. Еще в трех случаях, которые произошли в районе станций Курорт-Боровое, Нур-Султан, Жайнак, удалось предупредить наезд на человека.

Не допустить роста числа подобных случаев, а также добиться его снижения удается благодаря тому, что работниками локомотивного депо совместно с сотрудниками ЛОВД, ВЖДО проводится профилактическая работа с жителями близлежащих к железнодорожному полотну населенных пунктов. Ведь экстренное торможение приводят к остановкам и задержкам поездов, порче локомотивов и вагонов, но самое главное – подвергают опасности пассажиров.

В связи с этим в депо особое внимание акцентируется на профессиональной подготовке локомотивных бригад, отработке устойчивых навыков выполнения безопасных приемов труда. Установлен ежедневный контроль выполнения локомотивными бригадами требований правил технической эксплуатации, действующих инструкций и приказов.

К слову, за 2021 год в эксплуатационном локомотивном депо допущено 337 случаев применения экстренного торможения. В 19 случаях предотвращены наезды на людей, еще 31 раз локомотивные бригады применяли их, чтобы предотвратить наезды на скот, один случай допущен вследствие нахождения посторонних предметов на путях. 269 экстренных торможений отнесены на прочие причины, еще 16 случаев произошли из-за срыва стоп-крана.

Фото из архива



НЕ ХОДИТЕ В ЗОНУ РИСКА

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПРОФИЛАКТИКА

Тема непроизводительного травматизма на объектах железнодорожной инфраструктуры держится под пристальным контролем железнодорожников Костанайского региона.

В частности, как сообщил главный инженер Костанайского эксплуатационного локомотивного депо Омар Абдыков, абсолютно во всех ста процентах случаев предотвращенных наездов на людей виновниками были пешеходы, пересекавшие железнодорожные пути в неустановленных местах. Что касается предотвращенных случаев наезда на автотранспорт, то здесь причиной является нарушение водителем правил дорожного движения. Между тем для работников локомотивной бригады управляющей поездом, подобные ситуации являются стрессовыми.

Для предупреждения подобных случаев возможного наезда на людей, автотранспорт и скот, начиная с сентября, работники Костанайского эксплуатационного локомотивного депо, совместно со службами ЛОВД, сотрудниками станции Костанай, проводят совместные профилактические рейды по участкам: Костанай-Главный, Костанай-Южный, Костанай-Северный.

Кроме этого, применяются и другие меры: обучение людей технике безопасности, ограждение железнодорожных путей, что помогает прежде всего предотвратить наезды поездов на животных, применение ярких полос и световых сигналов, повышающих заметность поезда в целом, а также обозначающих его голову и хвост, использование звуковых сигналов на подвижном составе, предупреждающие сообщения на станциях, применение работающих на путях людьми сигнальных жилетов яркой расцветки со светоотражающими полосами, повышающими их заметность.

Фото автора

Паводок-2022



берега реки Хоргос в районе МЦПС от моста автодороги построены струнаправляющие шпоры из модульных габрионов (общая длина шпор – 1 678 метров, их общий объем – 16 230 кубометров), восстановлены дамбы из местного грунта.

Железнодорожникам не забыть те тревожные дни, когда в июле 2018 года в связи с обильными дождями в высокогорье уровень воды поднялся с интенсивным увеличением потока воды и достиг максимальной отметки 120-125 м³/сек. В результате произошли размывы правого и левого берегов, откосов берегоукрепительной дамбы, правого берега дамбы откосных плит со стороны КНР в районе подстанции МЦПС «Хоргос», а также прорвало тело канализованной дамбы левого берега в нескольких местах. При этом часть потока сместилась в правую сторону, прошла по всей территории реки, подтопив высоковольтную линию электропередачи.

Совместно с местными территориальными органами были выполнены аварийно-восстановительные работы с применением автотранспортных средств – бульдозера, фронтального погрузчика, автосамосвала – путем досыпки бутовых камней и блоков, а также в рекордные сроки была восстановлена линия электропередачи.

– Интенсивное таяние снега в горах может привести к тяжелым последствиям, ведь опасность паводка в его стремительности. Мы контролируем колебание и увеличение уровня воды в реке, а также поддерживаем контакт с представителями ЧС, принимаем все меры, чтобы ситуация не вышла из-под контроля, – поясняет главный инженер Алтынкольской дистанции пути Кайрат Аимбаев.

По его словам, создан аварийный запас ГСМ на случай возникновения нестандартных ситуаций, организована бригада, со всеми причастными службами проведены инструктажи о порядке действий при обнаружении угрозы размыва берегоукрепительной дамбы и других опасных явлений. Установлено круглосуточное дежурство работниками мостовой бригады для контроля уровня воды в реке Хоргос.

Фото автора

ВО ВСЕОРУЖИИ

Нынешняя зима для Алматинского региона достаточно теплая, и интенсивное потепление в горах может резко спровоцировать ливневые дожди. Поэтому пристальное внимание алтынкольских путейцев приковано к реке Хоргос, которая может принести немало хлопот.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

Для реки Хоргос характерно практически ежегодное формирование мощного паводка. Стоит напомнить, что долина реки Хоргос ниже озера Казанколь имеет широкое плоское днище, деформированное паводками и селевыми выбросами из боковых притоков, она является зоной отложений наносов, имеет высокие и крутые труднопроходимые склоны.

В рамках проекта «Развитие автомобильных дорог Восток – Запад. Международный транзитный коридор Западная Европа – Западный Китай» мостостроительной компанией «СП Евраскон» для защиты моста произведены берегоукрепительные работы, изготовлены из старогородных некондиционных железобетонных шпал блок-пакеты, расчищено русло реки.

Тем не менее у путейцев каждый сезон – напряженная пора, и извлекая уроки

прошлых лет, непредсказуемость и суровый нрав реки, они ведут ежечасно мониторинг паводковой ситуации, а мост находится под особым контролем.

“ В ЦЕЛЯХ ЗАЩИТЫ И ПОДГОТОВКИ БЕЗАВАРИЙНОГО ПРОПУСКА ПАВОДКО-СЕЛЕВЫХ ПОТОКОВ НА ОПАСНЫХ УЧАСТКАХ ВДОЛЬ ЛЕВОГО И ПРАВОГО БЕРЕГА РЕКИ ХОРГОС В РАЙОНЕ МЦПС ОТ МОСТА АВТОДОРОГИ ПОСТРОЕНЫ СТРУНАПРАВЛЯЮЩИЕ ШПОРЫ ИЗ МОДУЛЬНЫХ ГАБРИОНОВ, ВОССТАНОВЛЕНЫ ДАМБЫ ИЗ МЕСТНОГО ГРУНТА

В целях защиты и подготовки безаварийного пропуска паводко-селевых потоков для противопаводковых восстановительных работ и устройства водоотбойных шпор на опасных участках вдоль левого и правого

формируются противоразрывные поезда из более 25 вагонов, из них 4 – под инструмент, инвентарь, 10 – под бутовый камень, 4 – под рельсовые пакеты, 10 платформ с железобетонными (некондиционными) шпалами, – рассказывает главный ревизор департамента по безопасности движения по

РЕГИОН ГОТОВИТСЯ К ВЕСНЕ

В ДЧС Карагандинской области прошло совещание по подведению итогов за минувший год. В мероприятии приняли участие и представители структурных железнодорожных подразделений. Поводом для проведения совещания послужила подготовка к предстоящему паводковому периоду, ведь не за горами весна.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Благодаря совместным усилиям, оперативным действиям и слаженной работе удалось значительно минимизировать последствия паводковых вод. Всего с 2015-го по 2021 год в Карагандинской области возведено и укреплено более 250 километров защитных дамб и валов, выполнено берегоукрепление, дноуглубление, спрямление и уширение свыше 102 километров русел рек в 178 населенных пунктах.

По предварительному прогнозу РТП «Казгидромет», на сегодняшний день запасы воды в снежном покрове в бассейнах равнинных рек Казахстана характеризуются большой неравномерностью: в



Карагандинской области – ниже среднепогодных значений на 33-51%. Однако не стоит расслабляться.

– В настоящее время на 4 станциях (Караганда-Сортировочная, Акадыр, Балхаш-1, Жанаарка), относящихся к Карагандинскому отделению магистральной сети,

Карагандинскому региону Булатбек Альмураев. – Противоразрывные поезда укомплектованы опытными бригадами с назначением начальников. Проводится полная готовность транспортных средств (дрезины АГМ, ДТКУ), имеется аварийный запас горюче-смазочных материалов, осуществляется работа по очистке мостов, труб, кюветов, нагорных и водоотводных каналов, лотков от снега, льда и мусора.

В прошлом году в регионе был произведен монтаж 500 метров ливнево-дренажных лотков, проведены дноуглубление и очистка водоотводных каналов на общей протяженности свыше 11,6 километра. В целом по области работа по подготовке к паводковому периоду реализуется в рамках Республиканской дорожной карты и областного плана инженерных работ.

– Все действия по подготовке к паводку находятся на постоянном контроле. Регулярно проводится осмотр работоспособности шлюзов регуляторов и обводных каналов Саранского водохранилища, – отметил Булатбек Альмураев.

Фото автора

Юбилей

ЧАЙ У ВЕТЕРАНА



В субботний день к участнику Великой Отечественной войны Василию Снегуру пришли железнодорожники, чтобы поздравить его с юбилеем. Ветерану исполнилось 95 лет.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Постей встретила дочь Василия Андреевича Татьяна Кузмина. Заместитель директора Семейского отделения магистральной сети Алибек Шуманов, председатель профсоюзного комитета по узлу станция Оскемен-1 Семейского отделения грузовых перевозок Берикхан Тлеужанов преподнесли ей цветы, а ветерану – большую корзину с фруктами и сладостями, деньги на лекарства. Дело в том, что Василий Андреевич и его жена Юлия Гавриловна давно прикованы к постели: сказывается возраст, у супругов уже немало заболеваний. Сейчас за ними ухаживают Татьяна с мужем Николаем. Годы берут свое, и сейчас Василий Снегур является последним в Оскеменском регионе ветераном, оставшимся в живых.

В 1945 году он сражался с японцами в Монголии и Маньчжурии, будучи 18-летним юношей. Военные подразделения, где служил Василий Снегур, выбивали противника из гористой местности Большой и Малый Хинган, округов Цицикар, Первой Таань. Солдаты были и на Втором Таане.

После войны он работал на станции Аврора Восточно-Казахстанской области, потом – на станции Защита слесарем в вагонном депо, затем 18 лет трудился начальником грузового двора станции Защита. Его об-

щий стаж работы на железной дороге – 36 лет.

Вместе с Юлией Гавриловной, в прошлом тоже труженицей стальной магистрали, они воспитали троих детей. У них четверо внуков и столько же правнуков.

– Мы потомственные железнодорожники, – рассказывает Татьяна. – Я много лет работала в Защитинском отделе рабочего перевозок. Моего старшего брата уже нет в живых, из детей остались я и сестра Наталья. Она большую часть времени проживает с нами, потому что нам с мужем тяжело ухаживать за больными родителями. Кстати, муж Татьяна, Николай, тоже всю жизнь работал на железной дороге. Начинать со строительного монтажа, потом трудился в системе НГЧ, которая занималась ремонтом административных зданий отделения дороги, на пенсию вышел из вагоноремонтного депо.

Все это железнодорожники рассказали своим гостям за чашкой чая.

По большому счету, в АО «НК «КТЖ» к своим пенсионерам относятся с особым уважением, теплом и трепетом, особенно – к ветеранам войны. Они не только навещают их в дни рождения, к празднику Победы, Дню пожилых людей, но и оказывают всестороннюю поддержку и помощь. К примеру, Василию Снегуру помогли капитально отремонтировать дом. И это здорово, когда есть такие друзья!

Фото автора

ЖОЛАУШЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ – ЖАРТЫ ҒАСЫР



ВОКЗАЛ

Семей теміржол вокзалы жолаушы тасымалындағы қызметін сонау өткен ғасырдың басында, 1915 жылдан бастады. Сол жылы ашылған Алтай теміржолының Семипалатинск-Новониколаевск тармағы салынып, пайдалануға берілген болатын.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Ал 1972 жылы ескі вокзалдың орнына заманауи талаптарға сай жаңа ғимарат салынып, пайдалануға берілді. Яғни, биыл тұп-тура 50 жыл толады. 2017 жылдың 29 қараша күні Үкіметтің жаңа қаулысымен Семипалатинск станциясының атауы Семей станциясы болып ауысып, сәйкесінше теміржол вокзалы да жаңаша атала бастады.

Был Семей магистральдық желі бөлімшесінің вокзал шаруашылығы бірқатар іс-шараларды қолға алмақ. Вокзалдың екінші қабатынан қайта ашылған «Түркісіб-Семей» мұражайынан арнайы мүйіс ашу көзделуде. Себебі, Семей теміржолының тарихында вокзал қызметі жарқын парақтарға толы. Сондай-ақ, көптеген династиялар қалыптасқан бірегей мекеме.

Әйтсе де, жолаушыларға көр-

сетілетін қызмет сапасын арттыру бірінші кезекте тұр. Қазіргі күні талдау қорытындысы бойынша, Семей теміржол вокзалынан тәулігіне 2250-2280 жолаушы шартарапқа жол тартады екен. Бұл ретте Абайдың 175 жылдық мерейтойына орай ғимарат толықтай жөндеуден өткен болатын. Аталмыш бағыттағы шараларды НЖС-6 бөлімшесі өткен жылы да шаруашылық есебімен жүргізді. Атап айтсақ, вокзалдың ішкі әрлеу жұмыстары толықтай аяқталды. Жарықтандыру, әрлеу мен кафельдерін ауыстыру ісі мезгілінде мәреге жетті. Сол тәрізді сыртқы жұмыстар да қолға алынып, жолаушылар платформасы қайта жаңартылып, бетондары ауыстырылды. Бұл шаралардың сыртында вокзалдың қасбеті толықтай өзгертілді. Қосымша бағаналар қойылып, жарықтан-



дырылу да күшейтілді. Яғни, вокзалдың сыртқы келбеті мүлде өзге кейіпке енеді.

Вокзал бастығы Есет Қажығұловтың айтуынша, биылғы 50 жылдық мерейтой қарсаңында вокзал бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін толықтай жағдай жасалады. Брайль тақтайшасы, шақыру түймешіктері қойылды, атқарылатын жұмыстар әлі бар.

– Бүгінде қалалықтар мен қала қонақтарын мүлде өзгерген, қолданылып артқан жаңа вокзал ғимараты күтіп тұр. Әйтсе де, карантинге орай барлық санитарлық талап-ережелер орындалып жатыр. Жолаушылардың

орындары арнайы ленталармен бөлінген, касса алдында да 1,5 метрлік арақашықтық сақталуда. Сол тәрізді кіру-шығу есігінде де нөпірдің орын алуына жол берілмейді, – дейді вокзал басшысы.

Сонымен қатар Семей теміржол вокзалы мен Семей бөлімшесінің бас ғимараты ортасындағы 1500 шаршы метрді қамтитын алаң да қазір өзгеше кейіпке. 2005 жылы орнатылған Қабанбай батыр ескерткішінің тұғырғасы қайта жаңғыртылып, аумағындағы тактастар толығымен ауыстырылған. Жиектастар ауыстырылып, арнайы сәкілер қойылған.

Суретті түсірген автор

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ



«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді қазақ даналығы. Бұл сөзді кеше ғана жер қойнауына табыс етілген Ермекбай Рысқалиев ағамызға арнап айтсақ жарасар еді. «Әскерлендірілген теміржол күзеті» ЖШС зейнеткері, «Құрметті теміржолшы» Ермекбай Сапанұлы 2022 жылдың 29 қаңтарында 74 жасында ауыр науқастан дүниеден озды.

Бірақ, оның артынан жақсы істері, басы болып тұрған кезінде жұртқа жасаған қамқорлығы естелік боп ел есінде қалды. Адамның құны осындай ізгі істерімен бағалана берек.

Ермекбай Рысқалиев – бұрынғы Гурьев облысы Теңіз ауданы Приморье ауылының тумасы. Еңбек жолын 1973 жылы Ганюшкино станциясында СПК разъезд атқышы болып бастаған ол, бір жылдан соң осы команданың бөлімше басшысы қызметінің тізгінін алады. Ал араға екі жыл салып, өрт сөндіру бөлімі бойынша команда бастығының орынбасары қызметіне тағайындалады. 1978 жылы

өз ісіне мығым, алғыр азаматқа Батыс Қазақстан темір жолының Гурьев әскерлендірілген теміржол күзеті жасағының бастығы қызметі сеніп тапсырылды. Ол осы қызметін атқара жүріп, Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтын тарих және қоғамтану мамандығы бойынша тамамдайды. Ал еліміздегі үш темір жол басқармасы біріктіріліп, «Қазақстан темір жолы» мемлекеттік кәсіпорны құрылған сәтте, білікті басшыға Ақтөбе филиалы бастығының Атырау аймағы бойынша жасағының орынбасары болып қызмет ету жауапкершілігі жүктеледі. Бұл міндетті абыроймен атқарған кәсіби маманның

2005 жылы Атырау теміржол күзеті «Әскерлендірілген теміржол күзеті» АҚ-ның филиалы болып өз алдына шыққанда, оның директоры болып тағайындалуы заңдылық еді. Зейнетке шыққанша осы қызметте еңбек етіп, ұжымда білім-біліктілігімен, адамгершілік қасиетімен сыйлы болған азамат үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үлгісіне көрсете білді. Қызметкерлеріне ағалық ақыл-кеңесін айтып, қамқорлық танытты, қолдан келген көмегін аямады, ұжымның ұйымшыл болуына ұйытқы болды деп еске алады әріптестері.

КСРО Жол қатынастары министрінің және Батыс Қазақстан темір жолы бастығының атаулы сағатымен, «Әскерлендірілген күзет үздігі» төсбелгісімен марапатталған Ермекбай Сапанұлы 1998 жылы «Құрметті теміржолшы» төсбелгісін алды. «Қазақ теміржолының ардагері» атанды. «ӘТЖК – 90», өткен жылы «ӘТЖК – 100 жыл» мерейтойлық төсбелгілерімен марапатталды. Ал 2016 жылы «Еңбек ардагері» медалін төсіне тақты. 2012 жылы құрметті демалысқа шыққан Ермекбай Сапанұлы үл-кыз өсіріп, немерелерінің қызығын көріп, өмірінің соңы күніне дейін елдің сый-құрметіне бөленіп өтті. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын демекпіз.

Ислам ТАЛҒАТ

ТИМБИЛДИНГ ПО-ИЛЕЦКИ



СПОРТ

В Соль-Илецке прошли соревнования по подледному лову в заливе реки Илец, в которых приняли участие около 30 работников Илецкого локомотивного депо, вагонного хозяйства и цеха движения. Организатором мероприятия выступил профсоюзный комитет филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки – Илецк» при поддержке руководства предприятия.

Анна ПАНИЦЕВА,
Илецк

– Соревнования по подледному лову у нас проводятся ежегодно в целях сплочения коллектива филиала и активного совместного отдыха на природе, что способствует психологической разгрузке. А создание доброжелательной обстановки в коллективе является дополнительной мотивацией для качественной работы, – рассказал председатель профсоюзного комитета филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки – Илецк» Максуд Садыков. – На зимнюю рыбалку традиционно приглашаются пенсионеры и ветераны труда, участники соревнований – работники локомотивного депо, вагонного хозяйства и цеха движения. В качестве групп поддержки выступают члены их семей и коллеги, не участвующие в состязаниях.

В ходе зимней рыбалки проводятся

конкурсы «Самое быстрое бурение лунки», «Первый поймавший рыбу», «Самая большая рыба», «Самый молодой рыба», «Самый молодой рыба». Эти конкурсы тоже традиционны и любимы, к ним готовятся загодя. В этом году в состав жюри вошли ветераны труда Илецкого локомотивного депо (ТЧЭ-27) Амир Джаксығалиев и Валерий Колчинский.

После подведения итогов призовые места распределились следующим образом: в конкурсе по бурению лунки победителем стал машинист тепловоза Виктор Лебедянский, второе место занял осмотровик-ремонтник вагонов Дмитрий Осин, третье – машинист тепловоза Александр Палий.

В категории «Первый поймавший рыбу» шустрее всех оказался машинист-инструктор Александр Соболев, у него же и самый большой вес улова, за ним Дмитрий Осин и на третьем месте – мастер ТЧЭ-27 Алексей Анисимов.



Наравне с опытными рыбаками участие принимал четырехлетний сын машиниста тепловоза Виктора Лебедянского Владимир, заслуженно получивший титул самого юного рыбака.

По окончании соревнований участников и их болельщиков накормили мастерски приготовленным заманчальным ТЧЭ-27 Арсланом Джаксығалиевым горячим шуломом и чаем.

– Совместный отдых на природе благо-

творно влияет не только на физическое здоровье участников, дарит море позитива, но и сплачивает коллектив лучше любых тренингов. В ходе соревнований происходит обмен опытом, налаживается связь поколений, а неформальная обстановка способствует росту доверия и взаимного уважения в коллективе, возникновению чувства гордости за работу в этой компании и является удобной формой для поощрения отличившихся сотрудников, – поделился Арслан Булатович.

Победители в качестве призов получили необходимые для рыбаков вещи: зимнюю палатку, удочки и чехлы для них, спиннинг и катушки для него, термос, а также сертификаты для приобретения необходимого рыбацкого снаряжения в магазине «Старт». Все участники зимней рыбалки остались довольны и с отличным настроением начали новую трудовую неделю.

Фото автора

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Солтүстік» аймақтық филиалы АҚ «Жолаушылар тасымалы» Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2022 жылғы 17 ақпан сағат 10:00-де Нұр-Сұлтан қаласы, Гете көшесі 11/1 «Атмосфералық ауаға зиянды заттардың жол берілетін шекті шығарындардың нормативтері» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласының «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ <http://www.upr.astana.kz> сайтында танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Региональный филиал по пассажирским перевозкам «Северный», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 10:00 17 февраля 2022 года по адресу г. Нур-Сұлтан ул. Гете, 11/1 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Нормативы предельно допустимых выбросов вредных веществ в атмосферный воздух» для РФ «Северный».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования г. Нур-Сұлтан» <http://www.upr.astana.kz>



КАЗАХСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сындыбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паницева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдаң Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Брубаева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.